

Ең қымбат сыйлық

Рухани құндылығы бар әдеби мұраларын қалың оқырман қауымға арнап отырған біздің қаламгер азаматтарымыз өздерінің еңбектерін қаламыздағы №2 Облыстық әмбебап ғылыми кітапханасына сыйға ұсынып отыр.

«Тұлпарлығы тұлғасынан танылған» бұл азаматтарымызға шығармашылық табыс тілей отырып, төмендегі әдебиеттерді сіздердің назарларыңызға ұсынамыз:

Аймағанбетұлы Р. Қазақстан тарихы. (Деректер курсы) Оқу құралы. (Арқалық, 2015 ж.) «Қазақстан тарихы» пәнінен жоғары оқу орындарының курс студенттеріне арналған дәрістер курсы болашақ маман иелерінің ой-өрістерінің кеңеюіне, жан- жақты азамат болып қалыптасуына мүмкіндік береді.

Аймағанбетұлы Р., Сейдалықызы Д. Кеңес дәуірі тұсындағы Торғай өңірінің әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму тарихы (Жергілікті баспасөз материалдары бойынша) Оқу құралы. (Арқалық, 2015 ж.)

Кітапта Кеңес дәуірі тұсындағы Торғай өңірінің әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму тарихы (Жергілікті баспасөз материалдары бойынша) өлке тарихы;

Аязбеков Ж. Ағайынның арасы...: әдеби-публицисти-

калық байып. (Қостанай, 2014 ж.)

«Қостанай таңы» кітапханасы» сериясымен жарық көріп отырған бұл кітап аты аталған басылым директоры-бас редакторы, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі Жанұзақ Аязбековтың газеттің «Бас редактор әлемі» легі бойынша жазған әдеби-публицистикалық туындылар жинағы.

Жинақта автордың бүгінгі қоғам өмірі, замандастарының руханияты хақындағы сененциялық ой- байып, көзқарастары арқау болған.

Автор бұл кітапты іс- сапармен келген кезінде өз қолымен арнайы табыс еткен болатын.

Балмашева Б. Арым да менің бұл айтым. (Қостанай, 2015 ж.)

Айтыс өнерін ту етіп көтеріп жүрген айтыскер ақынның бұл кітабында өзінің әр жылдардағы айтыстары жинақталынған.

Құлабаев Н. Іңкәр дала: [өлеңдер жинағы] / Құлабаев Н.; [алғы сөз жазғ.: А. Шаяхмет]. (Қостанай, 2015 ж.)

Автордың бұл кітабында әр жылдарда жазылған өлеңдері енген.

Ақынның жырларына туған жер мен ел, сана мен сезім, адамгершілік пен адалдық, махаббат тақырыптары арқау болған.

Торғай ақындарының антологиясы: [шығармалар жинағы]. 1-том, II-том, III-том/ [жалпы ред. басқ.: А. К. Қалиев; құраст.:



Б. Ж. Сағынтаев]. (Арқалық, 2014 ж.)

Бұл томда Торғай ақындарының XIX ғасырда өмір сүріп, Торғай ақындық мектебінің дәстүрін қалыптастырушы ақын - жыраулардың шығармалары жинақталған.

Алғысөзін жазған география ғылымдарының докторы, Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық институтының ректоры Сейілбек Бекенұлы Қуанышбаев.

Антологияның III томында XX ғасырда өмір сүріп, Торғай ақындық мектебінің дәстүрін жалғастырушы ақындар мен жыраулардың өмір деректері белгісіз тұлғалардың шығармалары жинақталған. Бұл әдебиеттерді кітапхананың абонемент бөлімінен алып оқуларыңызға болады.

Қадірменді ұстаз-қаламгерлер! Асуларда Алла ісіңізді оңғарсын, Алатаудай биіктесін мәртебең!- деп ақын сөзімен сөзімді түйіндей келе Сіздерге қалың оқырман қауым атынан үлкен алғысымызды білдіреміз.

Зайра СЫҒАЕВА,
абонемент бөлімінің
кітапханашысы.